

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 07 сәуірдегі № 430 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 5470 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 51 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 27.08.2019 № 51 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысы әкімінің
міндетін атқарушы*

Қ. Ысқақов

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "7" сәуірдегі
№ 430 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 21 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5030 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 30 маусымда жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

" 17 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) жыл сайын бес жылға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлейді және оны облыс әкімдігінің қарауына енгізеді;

2) облысты дамыту бағдарламасын Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттары негізінде бесжылдық кезеңге, сондай-ақ, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді;

3) ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасын келіседі;

4) облысты дамыту бағдарламасының іске асырылу мониторингін жүргізеді;

5) облыстық бюджеттік комиссиясының жұмыс органы функциясын жүзеге асырады;

6) жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы облыстық мәслихат шешімі жобасын әзірлейді;

7) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, облыстық бюджетті жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді және облыстық бюджет жобасын облыстық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

8) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, облыстық бюджетке түсетін түсімдерді болжауды жүзеге асырады;

9) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді жоспарлы кезеңге облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының, облыстық бюджеттің болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары, облыстық бюджет тапшылығының мөлшері негізінде айқындайды;

10) есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдаудың және бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалаудың нәтижелерін ескере отырып:

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына, бюджеттік бағдарламалар жобаларына және қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан қарайды;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары нәтижелер көрсеткіштерін таңдаудың дұрыстығы, нәтижелер көрсеткіштерінің аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсаттарымен, нысаналы индикаторларымен өзара байланыстылығы, нәтижелер көрсеткіштеріне қолжетімділік дәрежесі, сондай-ақ, олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

11) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарау қорытындылары бойынша бюджеттік өтінімдер және бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды облыстық бюджеттік комиссияның

қ а р а у ы н а

ж і б е р е д і ;

12) облыстық бюджеттік комиссиясының облыс бюджетінің жобасы бойынша ұсыныстары негізінде облыс бюджеті туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын әзірлейді және оны облыс әкімдігінің қарауына ұсынады;

13) заңнамамен белгіленген тәртіппен кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспары туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

14) облыстық бюджет туралы облыстық мәслихат шешімін іске асыру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

15) инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды дайындайды;

16) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру туралы ұсыныстарын және олардың қаржылық-экономикалық негіздемесін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және олар бойынша экономикалық қорытынды дайындайды;

17) заңнамамен белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іріктеуді жүзеге асырады және қорытындыны облыстық бюджеттік комиссияның қарауына жібереді;

18) коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері бойынша, егер концессия объектісін құру (реконструкциялау) құны 4 000 000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі кұраған жағдайда:

концессиялық ұсыныстар бойынша; конкурстық құжаттама бойынша, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде;

концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдер бойынша;

концессия шарттары жобалары бойынша, оның ішінде концессия шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде қорытындылар дайындайды;

19) конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ, қажетті сараптамалар жүргізу Басқарманың тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, облыстық бюджеттік комиссия мақұлдаған, концессиялық ұсыныстарда қамтылған концессиялық жобалар бойынша концессиялық жобалардың тізбесін қалыптастырады;

20) "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 13-бабының 3-3) тармақшасында белгіленген жағдайда, концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін

қамтитын концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын Қызылорда облысының әкімдігі айқындайтын заңды тұлғаға сараптамаға жібереді;

21) Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалар мен келісулер негізінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасы бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды облыстық бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді;

22) концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөнінде қызметтер көрсетуге арналған қорытындыны облыстық бюджеттік комиссиясының қарауына енгізеді;

23) Басқарманың тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, облыстық бюджеттік комиссия мақұлдаған әрбір концессиялық жобаны консультациялық қолдау жөніндегі қызметтерді қаржыландыру көлемдері бойынша концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің тізбесін қалыптастырады;

24) егер концессия объектісін құру (реконструкциялау) құны 4 000 000 айлық есептік көрсеткішке дейінгіні құраған жағдайда, коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері бойынша конкурстық құжаттаманы және концессия шарттарын, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде келіседі;

25) концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларына сараптаманың оң қорытындысы негізінде және Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына, облыстық бюджеттің инвестициялық мүмкіндіктеріне сәйкес жылжымалы негізде жыл сайын үш жыл мерзімге коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері бойынша тізбені қалыптастырады;

26) инвестициялық ұсыныстарды қарау қорытындылары бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ, қажетті сараптамалар жүргізуге берілген оң экономикалық қорытындының, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін қаржыландыру жөніндегі хаттың, техникалық тапсырманың негізінде қорытындылар қалыптастырады және оларды облыстық бюджеттік комиссиясының қарауына жібереді;

27) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ, оларға қажетті сараптамалар жүргізу Басқарманың тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, облыстық бюджеттік комиссия мақұлдаған, экономикалық қорытындысы бар инвестициялық ұсыныстарда қамтылған инвестициялық жобалар бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады;

28) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленген

техникалық-экономикалық негіздеме негізінде бюджеттік инвестициялық жобаларды қарайды ;

29) Қызылорда облысының әкімдігі айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ, нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен қаржыландыруға жоспарланатын жобалардың экономикалық қорытындысын дайындайды;

30) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобаларын қарайды және бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне олар бойынша экономикалық қорытынды жібереді;

31) бюджеттік инвестициялық жобаны облыстық бюджет жобасына енгізу үшін іріктеуді жүзеге асырады ;

32) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жергілікті бюджеттік инвестициялардың іске асырылуы мониторингін және бағалауды жүзеге асырады ;

33) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруға ұсынатын бюджеттік бағдарламаларды олардың бюджеттік кредиттеу критерийлеріне сәйкес келуі тұрғысынан қарайды;

34) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталатын бюджеттік кредиттерді қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындайды ;

35) байланысты гранттарды тартуға орталық мемлекеттік органға өтінім ұсынады ;

36) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға алдағы қаржы жылында байланысты емес гранттарды тарту мақсатында басым жобалардың тізбесін қалыптастыру үшін өтінімдер береді;

37) аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстың шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер мен жекелеген елді мекендерді есепке алады және тіркейді, сондай-ақ, оларды есепті деректерден шығарады;

38) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тұжырымдамасына экономикалық қорытынды дайындайды ;

39) Қызылорда облысының әкімдігі айқындайтын заңды тұлға тартылған жағдайда, оның сараптамасы негізінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тұжырымдамасына қорытынды дайындайды ;

40) облыстық бюджеттік комиссия мақұлдаған, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тұжырымдамаларында қамтылған

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ, оларға қажетті сараптамалар жүргізу Басқарманың тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін қалыптастырады;

41) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамасын Қызылорда облысының әкімдігі айқындайтын заңды тұлға тартылған жағдайда, оған сараптамаға жібереді;

42) Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалар мен келісулер негізінде конкурстық құжаттама бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды облыстық бюджеттік комиссиясының қарауына енгізеді;

43) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау жөнінде қызметтер көрсетуге арналған қорытындыны облыстық бюджеттік комиссиясының қарауына енгізеді;

44) Басқарманың тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, облыстық бюджеттік комиссия мақұлдаған әрбір мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру көлемдері бойынша консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастырады;

45) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар қолданады, азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады;

46) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. "

Ескерту. 1-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. "Қызылорда облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 858 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4931 нөмірімен тіркелген, "Қызылординские вести" және "Сыр бойы" газеттерінде 2015 жылғы 7 сәуірде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Қызылорда облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Аппарат) Қызылорда облысының әкімдігі мен әкімінің қызметін

ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1.";

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Аппараттың миссиясы: облыс әкімдігі мен әкімі қызметінің сапалы және уақтылы ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жұмыс істеуін қамтамасыз ету.";

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Негізгі міндеттері:

1) облыс әкімдігі мен әкімінің өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыреті шегінде іске асыруын қамтамасыз ету;

2) облыс дамуының мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлесімде атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етуін ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де міндеттер."

;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Функциялары:

1) облыс әкімінің Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен, орталық мемлекеттік органдарымен, облыстық мәслихатпен және өзге де мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ, саяси партиялармен, діни бірлестіктермен, үкіметтік емес және басқа да ұйымдармен өзара әрекет етуін қамтамасыз ету;

2) облыс әкімі, оның орынбасарлары және Аппарат басшысының қатысуымен іс-шараларды ұйымдастыру;

3) облыс дамуының мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлесімде атқарушы биліктің мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етуін ұйымдастыру;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілетін жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымы негізінде жасақталған облысты басқару схемасын әзірлеу;

5) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқаруды жетілдіру, әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелері бойынша құжаттар дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

6) аудандар (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің, әкімдерінің,

аудандар (облыстық маңызы бар қала) әкімдері аппараттарының, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, олардың жұмысын жетілдіру;

7) Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының және гендерлік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

8) төмен тұрған әкімдердің қызметін бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

9) облыс аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдарының, сондай-ақ, облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын аудандар мен облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдармен орындауын бақылауды жүзеге асыру;

11) кадрлық саясатты ұйымдастыру, облыс әкімімен тағайындалатын лауазымды тұлғаларды, Аппараттың қызметкерлерін тағайындауды, тәртіптік жауапкершілікке тартуды, жұмыстан босатуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

12) мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыну жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

13) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасы шеңберінде сайлау өткізу мәселелері жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру дайындығын және өткізуді жүзеге асыру;

14) облыс әкімі және оның орынбасарларының тапсырмасы бойынша соттарда облыс әкімдігі мен әкімінің мүдделерін білдіру және қорғау, прокурорлық ден қою актілерін қарау;

15) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері жобаларының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігіне сараптама жүргізу;

16) алқа билерге үміткерлердің тізімдерін құрастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

17) қызметтік құжаттарды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар және ұйымдармен құжат айналымын ұйымдастыру;

18) облыс әкімдігі мен әкімінің қызметін ақпараттық қамтамасыз ету;

19) "электрондық үкімет" пен "электрондық әкімдікті" дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;

20) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің жұмыс істеуін

ұ й ы м д а с т ы р у ;

21) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, аудандар (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің интернет-ресурстарының қызмет етуін үйлестіру ;

22) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, аудандар (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің сапалы мемлекеттік, оның ішінде электронды қызмет көрсету жөніндегі қызметін үйлестіру, сондай-ақ, олардың ұсынылуын жетілдіру мен талдауды жүзеге асыру;

23) Қызылорда облысы әкімдігінің Ситуациялық орталығын ақпараттық және талдамалық қамтамасыз етуін ұйымдастыру;

24) мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері бойынша жұмысты ұ й ы м д а с т ы р у ;

25) әскери міндетті Аппарат қызметкерлерін бекітіп қою жөніндегі жұмысты жүзеге асыру ;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыру ;

27) "Қызылорда облысы әкімі аппаратының "Мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру өңірлік орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын, "Қызылорда облысы әкімі аппаратының "Қоғамдық келісім" коммуналдық мемлекеттік мекемесін, "Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін және "Қызылорда облысы әкімі аппаратының "Ақпараттық технологиялар орталығы" мемлекеттік мекемесін басқару бойынша функцияларды жүзеге асыру;

28) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру . " ;

19, 20, 21, 22 және 23-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Аппаратқа басшылықты Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Аппарат басшысы жүзеге асырады .

20. Аппарат басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

21. Аппарат басшысының заңнамаға сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады .

22. Аппарат басшысының өкілеттігі:

1) Аппаратқа жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;

2) өз құзыреті шегінде Аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, Аппараттың құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

4) Аппараттағы "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан б о с а т а д ы ;

5) Аппараттың тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

6) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, Аппараттың мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

8) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, Аппараттың мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) облыстың жергілікті атқарушы және өкілді органдары қабылдаған шешімдердің орындалу барысын бақылайды;

11) Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аппарат басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

23. Аппарат басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді."

Ескерту. 2-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 7 наурыздағы № 515 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4631 нөмірімен тіркелген, "Қызылординские вести" және "Сыр бойы" газеттерінде 2014 жылғы 4 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

1 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және

өткізу саласындағы функцияларды, сондай-ақ, облыс әкімдігімен айқындалатын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

12 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады." ;

14 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы мемлекеттік сатып алуларды, сондай-ақ, облыс әкімдігімен айқындалатын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады." ;

16 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

" 16 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) тапсырыс беруші бекіткен немесе нақтылаған мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспары (мемлекеттік сатып алулардың алдын ала жоспары) негізінде конкурс (ашық конкурс, біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс, екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс), аукцион, баға ұсыныстарын сұрату, бір көзден алу тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру ;

2) облыс әкімдігі айқындаған бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және жүзеге асыру ;

3) әрбір конкурсқа немесе аукционға жеке конкурстық немесе аукциондық комиссияны бекіту және конкурстық немесе аукциондық комиссияның х а т ш ы с ы н а й қ ы н д а у ;

4) қажет болған жағдайда әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындау үшін сараптау комиссиясын не с а р а п ш ы н ы б е к і т у ;

5) тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін, сондай-ақ, конкурс немесе аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, конкурс немесе аукцион жүргізудің шарттары мен тәртібін анықтау үшін мемлекеттік сатып алу веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы қалыптастыру және оны тапсырыс берушімен келісу ;

б) конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын тапсырыс

берушіге бекіту үшін ұсыну.

Мемлекеттік сатып алуларды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асырған жағдайда мемлекеттік сатып алуларды бірыңғай ұйымдастырушы әзірлеген конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын бекіту;

7) конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылады ұйымдастыру;

8) конкурс немесе аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ, конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын мемлекеттік сатып алулар веб-порталында орналастыру;

9) заңнамамен бекітілген тәртіпте біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді лоттарға бөлу арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру;

10) әлеуетті өнім берушінің банктік кепілдік түрінде қағаз тасығышта енгізген конкурсқа немесе аукционға қатысуды қамтамасыз етуін қабылдап алу фактісін банктік кепілдіктерді тіркеу журналына есепке алу;

11) заңнамамен көзделген жағдайларда әлеуетті өнім берушінің конкурсқа немесе аукционға қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді қайтаруды жүзеге асыру;

12) заңнамамен көзделген жағдайларда конкурсқа немесе аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасын тиісті бюджет кірісіне жатқызылуы бойынша шаралар қолдану;

13) заңнамамен көзделген жағдайларда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алулардың жеңімпазына мемлекеттік сатып алулардың веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жіберу;

14) заңнамамен көзделген жағдайларда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру.";

17 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

Басқарма жұмысының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды облыс әкімдігінің және әкімінің қарауына енгізуге;

мемлекеттік органдарда, сотта Басқарманың мүддесін білдіруге;

өз құзыреті шегінде шарттар мен келісімдер жасасуға;
қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға
қ ұ қ ы л ы .

2) Б а с қ а р м а :

жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарауға,
олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген жағдайларда және тәртіппен оларға жауаптар беруге;
жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды
ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;
қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;
қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға
м і н д е т т і . " ;

19 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Басқарманың басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке
тағайындалады және қызметтен босатылады.";

21 - тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді көтермелеуді жүзеге
асырады және қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;"

21 - тармақтың 6) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"6) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік
және қаржы құжаттамасына қол қояды;"

21 - тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз Басқарманы
б і л д і р е д і ; " ;

21 - тармақтың 10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды қолданады
және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес
жауапкершілікте болады;"

21 - тармақтың 17) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау
к е с т е с і н б е к і т е д і ; " ;

23 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Басқарманың жұмыс режимі:

1) Басқарма дүйсенбі мен жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс
і с т е й д і ;

2) Басқарманың жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден
19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан

Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.";

26 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"26. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады."

Ескерту. 3-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 824 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4862 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 14 ақпанда жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

" 1 6 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу құқығын іске асыруын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) уақытша бейімдеу және детоксикациялау орталықтарындағы адамдарды күтіп-бағуға бақылауды жүзеге асырады;

4) қан мен оның компоненттерінің ерікті өтеусіз донорлығын дамыту жөніндегі шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарын құру туралы облыс әкімдігінің қаулы жобасын әзірлейді;

6) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін б а қ ы л а у д ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

7) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін салу және дамыту, оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде дәріханалардың мемлекеттік желісін дамыту және дәріханалық қоймалар құру б о й ы н ш а ш а р а л а р қ о л д а н а д ы ;

8) денсаулық сақтаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының қ ы з м е т і н ү й л е с т і р е д і ;

9) төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы б ұ й ы м д а р м е н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

10) денсаулық сақтау саласындағы өңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес медициналық және фармацевтикалық қызметті, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

12) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

13) денсаулықты нығайту, аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыру үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асырады;

14) белгіленген ұлттық стандарттарды сақтай отырып, халыққа білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасын және олардан емдеуді, оған қоса тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрімен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

15) мүмкіндігі шектеулі балаларды ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді;

16) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) уәкілетті органмен денсаулық сақтау саласындағы қызметтің түпкі нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандум жасасады және оны іске асырады;

18) туберкулезбен ауыратын азаматты мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы сот шешімін орындауға жәрдемдеседі;

19) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшектік саудада өткізуді жүзеге асыратын субъектілердің тізілімін жүргізеді;

20) медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлері бойынша заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

21) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін жүргізеді;

22) профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізеді (инфекциялық және паразиттік аурулар табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда);

23) фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда, аудан

орталығынан шалғайдағы елді мекендерде алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды оқытуды және аттестаттауды жүргізеді ;

24) денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды өткізеді ;

25) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз етеді ;

26) азаматтарды және оралмандарды тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде уақытша бейімдеу және детоксикациялау жөніндегі медициналық қызметтер көрсетуді қоса алғанда, медициналық көмекпен және дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді ;

27) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады ;

28) денсаулық сақтау бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері функцияларын жүзеге асырады ;

29) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық және фармацевтикалық қызметтер берушілерді таңдауды және олардың шығындарын өтеуді жүзеге асырады ;

30) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық - биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды :

амбулаториялық деңгейде - уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес ;
стационарлық деңгейде - дәрілік формулярлар шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сатып алуды және сақтауды жүзеге асырады ;

31) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, медициналық емес жабдықтарды, санитариялық көлікті, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі жөндеу жүргізуге арналған қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастырады ;

32) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етуді ұйымдастырады ;

33) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыруды қамтамасыз етеді ;

34) денсаулық сақтау саласындағы өңірлік электрондық ақпараттық ресурстар

- мен ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 35) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық базаларды жоғары және орта медициналық оқу орындарына береді;
- 36) төтенше жағдайлар кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 37) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді;
- 38) гигиеналық оқытуды, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттау мен қалыптастыруды ұйымдастырады;
- 39) халықты әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралуы туралы хабардар етеді;
- 40) азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;
- 41) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде статистикалық әдіснама талаптарын сақтай отырып денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық статистикалық байқауды жүзеге асырады;
- 42) ведомстволық бағынысты мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау жүргізеді;
- 43) оралмандар мен көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді;
- 44) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;
- 45) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 46) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады.
- 47) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіндегі тұрақтылықты және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне арналған бюджет қаражатының пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 48) денешынықтырумен және спортпен айналысу, сауықтыру және демалу үшін инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- 49) салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастырады;
- 50) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, тұрмыстық және жол-көліктік жарақаттанудың профилактикасы жөніндегі шараларды қабылдайды;

51) денсаулық сақтау ресурстарын тиімді жоспарлау мен пайдалануды қамтамасыз етеді;

52) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды қабылдайды;

53) халықтың денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

54) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек алу үшін тұрақты тұратын елді мекеннен тысқары жерлерге шығатын азаматтардың жекелеген санаттарына облыстардың жергілікті өкілді органы айқындайтын тізбе бойынша ел ішінде жол жүру ақысын төлейді;

55) уәкілетті органмен келісу бойынша облыстың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

56) жас мамандарды әлеуметтік қолдау және бекіту шараларын қоса алғанда, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады;

57) тіндердің (тін бөлігінің) және (немесе) ағзалардың (ағзалар бөлігінің) ерікті түрде өтеусіз донорлығын дамыту жөніндегі шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

58) заңнамада көзделген тәртіппен денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады;

59) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

Ескерту. 4-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. "Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 27 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5041 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Кызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 14 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
" 16 . Функциялары:

1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты тиісті аумақта қалыптастыруға және іске асыруға қатысады ;

2) өңірлік кәсіпкерлер палаталарының қатысуымен өңірлерде кәсіпкерлікті қолдау карталарын бекіту туралы облыс әкімдігінің қаулы жобасын әзірлейді;

3) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтеріне, индустриялық-инновациялық жүйе субъектілеріне әдістемелік, консультациялық, практикалық және өзге де көмек көрсетуге құқылы;

4) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға экономиканың басым секторларын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде ұйымдардың сатып алуындағы жергілікті қамту жөнінде ақпарат жинауды, талдауды жүзеге асырады және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға береді;

6) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылуы туралы ақпарат береді;

7) негізгі қызметі инновацияларды дамытуға бағытталған заңды тұлғаларды құруға және (немесе) олардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы;

8) келісімшарт жасасу кезінде өңір халқының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мүдделерінің сақталумен байланысты мәселелерді шешу үшін жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздерге қатысады;

9) тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамту мен аумақтарды әлеуметтік дамыту, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қ а т ы с а д ы ;

10) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар, тендерге немесе аукционға шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;

11) облыстың аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыруды жүзеге асырады, ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін қалыптастыру мен жүргізу мақсатында құзыретті органға тоқсан сайын ұсынылады;

12) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурстарды дайындайды және ұйымдастырады;

13) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссиялардың құрамын бекіту туралы облыс әкімдігінің қаулы жобасын әзірлейді;

14) жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттардың талаптары туралы келіссөздер жүргізеді және жер қойнауын пайдаланушымен бірлесе отырып, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарын дайындайды;

15) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасады, тіркейді және сақтайды;

16) жер қойнауын пайдалану құқығын табыс етуге арналған рұқсаттарды береді, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге салу жөніндегі мәмілелерді тіркейді;

17) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат береді;

18) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз етеді;

19) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданысын қайта бастау туралы шешімдер қабылдайды;

20) кең таралған пайдалы қазбаларды барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

21) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

22) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

23) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

24) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ, олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат береді;

25) облыстың халықаралық ынтымақтастығын ұйымдастыру;
26) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

Ескерту. 5-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. "Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 914 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4957 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 19 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16 тармақта:

31) және 32) тармақшалары алынып тасталсын.

Ескерту. 6-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. "Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 844 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4863 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 17 ақпанда "Қызылординские вести", "Сыр бойы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

" Функциялары:

1) құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды инженерлік және көлік коммуникацияларды салу, кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қайта қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдерді қабылдау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;

3) облыс аумағында сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау мемлекеттік

органдарының жұмысына жәрдемдесу;

4) аумақтарда қала құрылысын жобалаудың (облысты немесе оның бір бөлігін аудандық жоспарлау жобасының) кешенді схемасын, облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

5) халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсыну үшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу;

6) облыстық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

7) ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірлік аумақтарында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалаларды дамытудың бас жоспарларын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

8) облыстық маңызы бар қалалар бас жоспарының жобаларына келісім беру;

9) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

10) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын, жоспарлау жобаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жоспарларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыс жобаларын) облыс әкімдігіне бекітуге ұсыну және оларды іске асыру;

11) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

12) халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;

13) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізу;

14) уәкілетті органмен келісе отырып, ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу туралы, олардың орналасатын жерін анықтау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер қабылдайды;

15) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

16) азаматтық құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

17) жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарайды, олардың орындалуын бақылайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар береді;

18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастырады;

19) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз етеді;

20) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады;

21) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

Ескерту. 7-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. "Қызылорда облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 911 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4973 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 19 мамырда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қызылорда облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қызылорда облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексіне және "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы №145 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10030 нөмірімен тіркелген) сәйкес әзірленді және коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеудің тәртібін анықтайды."

9. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 шілдедегі № 91 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5072 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 30 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы

басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:
16 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
" 16 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және осы саладағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдау жөніндегі ұсыныстар ә з і р л е у ;

3) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;

4) агроөнеркәсіптік кешен салаларын мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру, агроөнеркәсіптік кешен кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыру;

5) шығарылатын өнім түрлері бойынша өңірлік көрмелер, жәрменкелер ұ й ы м д а с т у ;

6) "Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі" конкурсын өткізу;

7) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің саудасы бойынша көтерме базарлар ұ й ы м д а с т ы р у ;

8) азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағалардың және агроөнеркәсіптік кешен өнімдері нарықтарының мониторингісін жүргізу;

9) азық-түлік тауарларын сатып алу бағдарламаларына қатысушыларды анықтау жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;

10) өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

11) өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

12) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, күтіп-ұстауды және реконструкциялауды қамтамасыз ету;

13) жоғары сыныпты асыл тұқымды малды сатып алуды, ұстауды және кең ауқымда өз төлі есебінен өсіру үшін мал басын молықтыратын төл өсіруді ұ й ы м д а с т ы р у ;

14) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге өткізілген бірінші, екінші және үшінші репродукциялары тұқымдардың құнын арзандатуды қ а м т а м а с ы з е т у ;

15) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбе мен тәртіпке сәйкес зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т у ;

16) тиісті өңірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсыну;

17) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезіндегі комиссияның бір бөлігінің және қарыздарын сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйақыларының бір бөлігінің орнын толтыру;

18) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру;

19) кепілдендірілген сатып алу бағасы және сатып алу бағасы белгіленетін, сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін бекіту;

20) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығару үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау;

21) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын с у б с и д и я л а у ;

22) агроөнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту ;

23) бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай ж а с а у ;

24) мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасау бойынша іс-шаралар әзірлеу ;

25) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытудың ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісілген жергілікті бюджеттік басым инвестициялық жобаларының және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ж о б а л а р д ы ң т і з б е с і н ж а с а у ;

26) агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдай жасау ;

27) ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы ахуалды зерделеу және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жеткізуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

28) агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдық аумақтардың жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға беру ;

29) әкімшілік-аумақтың бірліктің азық-түлікпен қамтамасыз етілу теңгерімін ж а с а й д ы ;

30) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияның ұсынымы негізінде сатып алу және тауар интервенцияларын, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорының жаңартылуын жүргізу
т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

31) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану үшін мамандандырылған ұйымдардан қызметтер сатып-алуды жүзеге асыру ;

32) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияны құру ;

33) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар қызметінің мониторингін жүзеге асыру ;

34) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға аккредиттеу жүргізу ;

35) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау ;

36) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде өзінің интернет-ресурсына агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесін орналастыру ;

37) ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды жүзеге асыру ;

38) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

39) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;

40) уәкілетті органның қарауына элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру және өткізу көлемі жөнінде ұсыныстарды енгізу ;

41) тұқым шаруашылығы субъектілеріне және тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаларға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тиісті куәлік бере отырып, оларды аттестаттауды жүргізу ;

42) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу ;

43) облыс бойынша тұқымдар баланстарын жасау ;

44) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беруді қамтамасыз ету ;

45) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сақтық және ауыспалы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдесу ;

46) бастапқы, элиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл

шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту схемалары мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізу;

47) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

48) айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын белгілеу және субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды тұқым шаруашылығы саласында аттестаталған әрбір субъект үшін- бірегей тұқымдар бойынша, әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін элиталық тұқымдар бойынша айқындау;

49) субсидияланған бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылау;

50) байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

51) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

52) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы негізінде субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын және тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұру;

53) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

54) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

55) табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере отырып, астық өндірісі құрылымын оңтайландыру, астық өндірудің, сақтаудың және өткізудің жаңа озық технологияларын жетілдіру және енгізу;

56) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың, тұқым улағыштар мен гербицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асыру;

57) ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақытылы қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шаралар қабылдау;

58) өңірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау бойынша қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік ортаны құру бойынша шаралар қабылдау;

59) астық қабылдау кәсіпорындарын бекітілген графиктерге сәйкес жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы тұрғысынан астық қабылдау

- кәсіпорындарын жыл сайынғы тексеруді және астық қабылдау кәсіпорындарын зерттеп тексеру актілерін рәсімдеуді қамтуын бақылау;
- 60) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтастай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру;
- 61) астық қабылдау кәсіпорындарының: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астық сақтау; астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және олардың өтеу қағидаларын сақтауын бақылау;
- 62) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;
- 63) астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;
- 64) "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорынан астықты көліктің кез келген түрімен тиіп жөнелтуге тыйым салу;
- 65) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);
- 66) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы сотқа арыз беру;
- 67) астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру;
- 68) астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау;
- 69) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;
- 70) астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру туралы ұсыныстарды облыстың жергілікті атқарушы органына енгізу;
- 71) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөніндегі ұсыныстар енгізу;
- 72) астық қабылдау кәсіпорындарына қабылдау және тиіп жіберу кезінде астық сапасының көрсеткіштерін айқындауды бақылау;
- 73) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті

мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

74) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

75) арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салу, тиісті жағдайда күтіп-ұстау және қолдау;

76) мыналар:

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау;

77) карантинді объектілердің таралуының есебін жүргізеді және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат беру;

78) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

79) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерінде осы объектілердің иелері – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуін ұйымдастыру;

80) уәкілетті органның ұсынуы бойынша тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдау;

81) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

82) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

83) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы және қоғамның Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының талаптарын сақтамауы туралы істерді қарау;

84) өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан сұрату және алу;

85) өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның ұсыну нысаны мен мерзімдерін белгілеу;

86) агенттен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылардың тиісті аумақтағы сақтандырылған өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері көрсетілген тізбесін сұрату;

87) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жазалар қолдану;

88) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;

89) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу және басып шығару ;

90) ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палаталардың және мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, көрсетілген мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған субсидияларды бөлу ;

91) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің есебін жүргізу;

92) құндылығы жоғары асыл тұқымды малды тиімді пайдалануды ынталандыру мақсатында бағалау туралы деректерді қорытады және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар ету;

93) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асыру ;

94) мақта саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

95) мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

96) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мақта нарығының мониторингін жүргізу ;

97) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мақта егілетін аймақтарда мамандандырылған ауыспалы мақта егістерін сақтауына мониторинг жүргізу;

98) мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субсидиялауды жүзеге асыру ;

99) мақта өңдеу ұйымдарын мақта иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында мақта өңдеу ұйымын біліктілік талаптарына сәйкес келуі және бекітілген кестелер негізінде шитті мақтаның жаңа өнімін қабылдауға дайындығы тұрғысынан жыл сайын жоспарлы тексеруді және мақта өңдеу ұйымдарын тексеру актілерін рәсімдеуді қамтитын лицензиялық бақылау;

100) уәкілетті органға стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды, мақта саласын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу ;

101) сотқа мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу, мерзімінен бұрын

аяқтау және оның мерзімін ұзарту туралы арыз беру;

102) шитті мақта мен мақта талшығының сапасына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

103) мыналарды:
мақтаның қауіпсіздігі мен сапасын;
аккредиттелген сынақ зертханалырының (орталықтарының) қызметін;
сарапшы ұйымның қызметін;
сараптама ұйымның мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын сақтауын бақылау;

104) мақта өңдеу ұйымдарының қызметін инспекциялауды (тексеруді) жүзеге асыру;

105) анықталған Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасын бұзушылықтарды ұйғарымда белгілеген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша ұйғарымдар беру;

106) сотқа мақта өңдеу ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы қуыным беру;

107) "Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 32-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде мақтаны беруге уақытша тыйым салу;

108) мақтаны өңдеу ұйымдарының мақтаның сандық - сапалық есебін жүргізу; мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану;

мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, күшін жою және өтеу қағидаларын сақтауын бақылау;

109) тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын бекіту;

110) мақта тұқымдарының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды қамтамасыз ету және басқару әрі олардың сандық-сапалық жай-күйін бақылау;

111) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтерін мемлекеттік қолдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және іс-шараларды жүзеге асыру;

112) ауыл шаруашылығы кооперативтеріне және олардың мүшелеріне шығаратын өнімінің ассортименті бойынша сауда орындарын бере отырып, өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру;

113) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өнімін сату үшін коммуналдық базарларда сауда орындарын жеңілдікті шарттармен ұсыну;

114) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылу және қызметінің тәжірибесін тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

115) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін қаржы ұйымдарының инвестициялары мен кредиттерін тарту, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өндірістерді

калыптастыру мен дамыту, оларды жаңғырту үшін жағдайлар жасау және сапа менеджментінің халықаралық жүйелеріне көшіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуі ;

116) ауыл шаруашылығы кооперациясының ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі және дамуы үшін жағдайлар жасау;

117) басқарма жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру;

118) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану;

119) өз құзыреті шегінде азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету ;

120) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асыру;

121) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру . "

Ескерту. 9-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. "Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 846 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4898 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 14 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:
" 15 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді ;

3) балаларды арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді ;

4) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді ;

5) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен

қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады ;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын әзірлеп, облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады ;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

8) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

9) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады ;

10) мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып , отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

11) мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жыл сайын 1 тамызға дейін қағаз және электрондық жеткізгіштерде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

12) облыс ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді ;

13) балаларға облыстық деңгейде жүзеге асырылатын қосымша білім беруді қамтамасыз етеді ;

14) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін

арттыруды

ұйымдастырады;

15) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

16) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

18) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

19) берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, ауылдық жердің кадрлар қажетсінуі туралы өтінімді білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға жыл сайын 15-ші сәуірге дейін ұсынады;

20) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді;

21) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

22) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

23) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

24) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

25) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

26) конкурс жеңімпаздарына - мемлекеттік орта білім беру мекемелеріне "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын төлейді;

27) мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

28) облыстық деңгейдегі әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

29) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеп, облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады;

30) білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидасын әзірлеп, облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады;

31) балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысады;

32) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен өткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

33) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

34) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

35) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады.

36) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерін білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

37) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеп-қарауды және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

38) дуальды оқыту бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

39) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар қолданады;

40) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

41) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

Ескерту. 10-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. ""Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 756 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4790 тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Кызылординские вести" газеттерінде 2014 жылдың 15 қарашасында жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін: аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының қаржы басқармасы"

мемлекеттік

мекемесінің

Ережесінде:

1. тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіру, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу, сондай-ақ, облыстық коммуналдық мүлікті басқару бойынша функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік

органы болып табылады.

Басқарманың ведомстволары жоқ."

16. тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

" 1 6 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастырады және бюджеттік атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіреді;

2) облыстық бюджеттің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды, бекітеді және жүргізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсімдердің бюджетке толық және уақтылы есепке алынуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізеді;

4) бюджет ақшасын басқарады;

5) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан бекітілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін өз билігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын келіседі;

б) облыстық бюджет комиссиясының облыстық мәслихаттың бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары негізінде бюджет қаражатын қысқарту туралы шешім қабылданған бюджеттік бағдарламалар бойынша операцияларды тоқтата тұрады;

7) облыстың жергілікті атқарушы органның секвестр жүргізу туралы қаулысының негізінде "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) белгіленген тәртіппен облыстық бюджетті түзетуді жүзеге асырады;

8) бюджеттік мониторингті жүзеге асырады;

9) бюджеттік мониторингтің нәтижелері бойынша тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша облыстың жергілікті атқарушы органына және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға облыстық

бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есепті, сондай-ақ, ай сайын облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданбаған міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының уақтылы орындалмағаны туралы ескертпе-ақпарат жолдайды;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға о н ы ұ с ы н а д ы ;

11) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша облыс әкімдігіне, облыстың тексеру комиссиясына, облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп ұсынады;

ай сайын және жыл қорытындылары бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға Кодекстің 124-бабында көзделген есептерді ұсынады;

12) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей есепті қаржы жылы үшін облыстық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті облыс әкімдігіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі облыстың жергілікті уәкілетті органына және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады;

13) облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін тіркеу мен есепке алуды тиісті концессия шарттары негізінде жү з е г е а с ы р а д ы ;

14) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің мониторингін жүзеге асырады;

15) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды, оның ішінде облыстық мәслихаттың шешімі негізінде облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің сәйкесінше әрбір жеке жобасы бойынша мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді, оның ішінде концессиялық жобаны қабылдауды жүзеге а с ы р а д ы ;

16) коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері бойынша жасалған концессия шарттарының тізілімін жүргізеді;

17) Басқарма концедент болған жағдайда облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындауын облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады;

18) бюджеттік кредиттеу кезінде заңнамада бекітілген тәртіппен сенім жүктелген адамды (агентті) анықтайды, сондай-ақ бюджеттік кредитке қызмет көрсетуді жү з е г е а с ы р а д ы ;

19) облыстың жергілікті атқарушы органында жоғары тұрған бюджеттен

бөлінген бюджеттік кредит бойынша берешек болған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне Кодекстің 100-бабының 1 және 2-тармақтарының 4) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау туралы жазбаша нұсқау жолдайды;

20) облыстық бюджет қаражатынан берілген кредиттер бойынша талаптарды есепке алуды жүзеге асырады.

21) борышты қалыптастыру, өзгерту және оған қызмет көрсету процесін есепке алуды, талдауды және бақылауды жүзеге асыру арқылы облыстың жергілікті атқарушы органы борышының мониторингін жүзеге асырады;

22) Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз алу түрінде қарыз алуды ұйымдастырады;

23) өз құзыреті шегінде облыстық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді және оларды облыс әкімдігінің қарауына ұсынады;

24) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық мүлікті басқару саласында өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмысын үйлестіруді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыреті шеңберінде коммуналдық мүлікке құқықтарын іске асыруды ұйымдастырады;

25) облыстық коммуналдық меншікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

26) облыстық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ, мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды;

27) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөнінде конкурс өткізеді;

28) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның ұсынысы бойынша облыстық коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысуы, оларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің өзіне тиесілі акцияларын, жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы мәселелер бойынша келіседі, ұсыныстар енгізеді, облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшысы бола алады;

29) мемлекеттік органдарға жатпайтын облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғыларын (ережелерін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

30) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен бірлесіп, облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

31) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның ұсынысы бойынша облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын қарайды және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңында көзделген жағдайларда келіседі;

32) облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

33) облыстық коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп береді;

34) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның ұсынысы бойынша облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

35) облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен облыстық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ, Кодекске сәйкес ақшаны жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамдардың акцияларын төлеуге береді;

36) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның ұсынысы бойынша акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін облыстық коммуналдық мүлік құрамына сатып алу туралы ұсыныстар енгізеді;

37) облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне жататын облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық мүлік деңгейіне беру жөнінде;

облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық мүлік деңгейіне беру жөнінде;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық мүлік деңгейіне жататын аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері

негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беру жөнінде;
аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беру ж ө н і н д е ;

егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше қағидалар белгіленбесе, мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген коммуналдық мүлікті аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру ж ө н і н д е ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

38) облыстық коммуналдық мүлікті пайдалану, оның ішінде оны жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;

39) облыстық коммуналдық мүлікті кепілге беру бойынша жұмысты ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

40) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында белгіленген талаптар бойынша реквизициялау туралы ш е ш і м ж о б а с ы н ұ с ы н а д ы ;

41) облыстық коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына б а қ ы л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

42) облыстық коммуналдық мүліктің есебін қалыптастырады және жүргізеді, оның т и і м д і п а й д а л а н ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

43) облыстық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ, мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

44) облыстық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен б а с қ а р у ғ а б е р е д і ;

45) коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі к р и т е р и й л е р д і а й қ ы н д а й д ы ;

46) мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру, мүліктік жалдауға (жалға алуға), облыстық коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру мәселелері ж ө н і н д е г і к о м и с с и я л а р д ы құрады;

47) жалға берушінің (жалға алушының), мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысының, коммуналдық мүлікті сатушының функцияларын жүзеге асырады ;

48) сенімгерлікпен басқарушының облыстық коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асырады ;

49) облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін есептен шығаруға келісім береді ;

50) жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарайды, олардың орындалуын бақылайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар береді;

51) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастырады ;

52) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады, азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады;

53) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады . "

Ескерту. 11-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

12. "Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылдың 13 мамырдағы № 9 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5005 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 11 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесіндегі:

16 және 17-тармақтар жаңа рекдакцияда жазылсын:

" 16 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) тиісті аумақта жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

2) жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады ;

3) облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда, елді мекендердің көшелерінде жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгізу және күтіп - ұстау жөніндегі барлық жұмыс

түрлерінің орындалуын және оларды бақылауды қамтамасыз етеді;

4) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ұйымдастырады;

5) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының желісін, елді мекен көшелерін басқарады;

6) облыстың коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқарады;

7) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

8) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы шешім қабылдау жөнінде облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

9) ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасын ұйымдастыру туралы шешімдерді тасымалдаушы қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, осындай шешім қабылдау жөнінде облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

10) әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынастары (маршруттар) бойынша теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялайды;

11) ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы қатынастарды айқындайды;

12) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық, қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) тасымалдауды ұйымдастырады, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізеді;

13) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысішілік қалааралық) тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

14) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық, қалааралық автомобильмен тасымалдау маршруттарын және жүру кестелерін келіседі;

15) автовокзалдар мен автостанциялардың тізілімін жүргізеді;

16) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысішілік қалааралық) автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

17) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

18) жолаушыларды ауданаралық (облысішілік қалааралық) қатынастарда әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асырады;

19) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар қолданады;

20) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

21) елді мекендердің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекітеді;

22) халықаралық техникалық байқау сертификаттарын береді;

23) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асырады;

24) кірме жолдары және жалпыға ортақ пайланылатын облыстық және аудандық маңызы бар жолдарға жалғасатын жолдарды салуды келісу;

25) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы жобаны әзірлеп, облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады;

26) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібін бекіту туралы жобаны әзірлеп, облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады;

27) көлік қызметі субъектілерін аттестаттауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүргізеді;

28) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алады;

29) шағын көлемді өздігінен жүзетін кемелерді басқару құқығына куәліктер береді;

30) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады;

31) жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарайды, олардың орындалуын бақылайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар береді;

32) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастырады;

33) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға; өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге; қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы ;

2) Б а с қ а р м а :
заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге; қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға м і н д е т т і ;

3) "Қорқыт Ата әуежайы" акционерлік қоғамы акцияларының 100 (жүз) пайыз мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану."

Ескерту. 12-тармақ күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

13. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 09.07.2018 № 1165 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).